



БҰЙРЫҚ

28.04.2023ж, № 443

Астана қаласы

ПРИКАЗ

город Астана

**«Электрондық қаржы орталағы»  
акционерлік қоғамының кейбір  
мәселелері туралы» Қазақстан  
Республикасының қаржы бірінші  
вице-министрінің 2019 жылғы  
13 қарашадағы № 1257  
бұйрығына толықтырулар енгізу  
туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 24 желтоқсандағы №1103 бұйрығымен бекітілген «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 18) тармақшасына және «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) Жарғысының 63-тармағының 9) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасының қаржы бірінші вице-министрінің 2019 жылғы 13 қарашадағы № 1257 бұйрығына мынадай толықтырулар енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының директорлар кеңесі туралы ережеге:

9-тармақ б) мынадай мазмұндағы тармақшамен толықтырылсын:

«б) Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету.» ;

10-тармақ мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

«10-1) комплаенс-менеджерді тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ комплаенс-менеджердің лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;».

002857

2. Осы бұйрық Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және оған қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының  
қаржы вице-министрі**



**Е. Біржанов**